

FTAMI 06.61.01
ӘОК 332.1
JEL O180, R13, P15

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-4-70-82>

Р.К. САБИРОВА,*¹

Э.ғ.к., профессор.

*e-mail: sabirovarysty@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9947-6564

Г.К. АНДАБАЕВА,²

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: agulmira_76@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0412-5145

Р.У. МУГАУИНА,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: raihan-1974@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4049-8144

Ж.Н. ЕРНИЯЗОВА,³

Э.ғ.к., аға оқытушы.

e-mail: zhan_san@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2198-3985

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қ., Қазақстан

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ПОЛЮСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Андатпа

Әсу полюстері мен әсу орталықтары сияқты ұғымдар бұрын бір жағынан тұрғындардың, табиғи ресурстардың, өндіріс орындары мен қызмет көрсету салаларының шоғырлану жиынтығы деп, екінші жағынан географиялық тұрғыдан қалалар мен даму орталықтары деп түсіндірілді. Ал қазір ол еркін экономикалық аймақтар мен технополюстер деп аталады. Дүниежүзілік сұранысқа ие мұнай-газ саласы бойынша ірі компаниялар Атырау облысында орналасқанымен өңдеу өнеркәсібі әлі де дамымаған. Көмірсутегі шикізаты сияқты бірегей ресурстарды иеленіп отырған Атырау облысы экономикасындағы мұнай-газ-химия саласында инновациялық өндіріс пен қызметтің үлесін жоғарылатуда әсу полюстерін анықтап, оларды дамытудың ұйымдық-экономикалық нысандарын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Өңірлерде кластерлерді қалыптастыру инвестицияны экономикалық дамудың басым бағыттарына тартуға, инновациялық қызметті жандандыруға, экспорт әлеуетін арттыруға, өңірде құрылымдық өзгерістер жасауға ықпал етеді. Атырау облысы бойынша кластерлік құрылымдарды құру тиімділігі өзекті мәселе. Қазақстан шикізаттық бағытта ішкі нарықпен қатар сыртқы нарыққа да өнімін ұсынып отырған болашақта инновациялық кластерлік даму бойынша нақты субъекті бола алады. Атырау облысындағы экономикалық әлеует, инновациялық әлеует және инновациялық белсенділікті зерттей келе инновациялық кластерлер құрудың алғышарттары қарастырылды. Мақала өңір экономикасының дамуында әсу полюстерін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік жақтарын анықтауға арналған. Бұл зерттеудің басты мақсаты Атырау облысында инновациялық әсу полюстерін қалыптастыруды негіздеу. Авторлар Атырау облысының экономикалық әлеуетіне, сонымен қатар инновациялық әлеуетіне сандық және сапалық талдау мен бағалау жүргізіп, Атырау облысы экономикалық субъектілерінің инновациялық белсенділігін анықтады.

Тірек сөздер: инновациялық даму полюсі, аймақ экономикасы, өнеркәсіптік-инновациялық кластерлер, табиғи ресурстар, шикізат бағыты, экономикалық әлеует, инвестициялар.

Кіріспе

Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау, олардың бәсекеге қабілеттілігінің әртүрлі құрылымынан басқа, соңғы жылдары инновациялық дамудың біркелкі емес серпіні байқалады, бұл Қазақстан аймақтарының әртүрлі инновациялық әлеуетінің қалыптасуына әкеледі. Өңірлердің инновациялық дамуының біркелкі емес жағдайында Қазақстан аймақтарында инновациялық әлеуетті пайдалану деңгейі мен дәрежесін өлшеу әдістемесін әзірлеу мәселесі өте өзекті.

Әлемдегі көптеген елдер қолданып жүрген өсу полюсі теориясы Қазақстан аймақтарын дамытуда да қолданылуда. Аймақтар экономикасын дамытуда өсу полюсін қолдану көбіне агломерация, инновация, көлік, инвестиция тұрғысынан қарастырылуда. Өсу полюстерін қолдану еліміздің аймақтарының біркелкі дамуын әлі де қамтамасыз ете алмай отыр, оны өңірлердегі жалпы өңірлік өнімнің көлемінен көруге болады. Мысалы, Қазақстан егемендігін алған 1990 жылдары жалпы аймақтық өнімнің ең төменгі және ең жоғары мәні бойынша өңірлер арасында алшақтық 5,5 есе, 1995 ж. 7,4 есе, 2000 ж. 7,2 есе, 2005 ж. 8,9 есе, 2010 ж. 8,8 есе, 2015 ж. 10,9 есе, 2020 ж. 8,6 есе айырмашылық болған.

Дегенмен Қазақстанның жекелеген өңірлерінде (мысалы, Алматы облысында) өсу полюсінің модельдерін қолдануда жақсы нәтижелер де бар. Әр өңірдің экономикалық әлеуеті әртүрлі болғандықтан, аймақты терең зерттеп, олардың экономикалық жағдайын жақсартатын өсу полюстерін немесе өсу нүктелерін, яғни өсу импульстері бар экономика салалары мен өндіріс орындарын анықтап, даму тетіктерін қалыптастыру қажет. Осы тұрғыдан қарастырылып отырған Атырау өңірі бойынша өсу полюстерін қалыптастыру мен дамыту өзекті мәселе.

Атырау облысы 118,6 мың шаршы метрді құрайтын аумақты алып жатыр, бұл Қазақстанның барлық аумағының 4,35%-құрайды. Қазақстанның батысында орналасқан бұл өңір басты индустриалдық аймақтардың бірі, халқы 2023 жылдың 1 маусымында 698,2 мың адам болды. Атыраудың өнеркәсіптік өңір ретіндегі әлеуетін экспортқа бағдарланған ірі өнеркәсіптік компаниялар құрайды. Облыстың экономикасын дамытудағы басым бағыттары мұнай-газ өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, машина жасау, құрылыс өнімдерін өндіру, агроөнеркәсіптік және балық өнеркәсіп салалары.

Кеңістіктік дамыудағы өсу полюстері ретінде тек тұтас облысты емес, сонымен қоса экономикалық субъектілер мен аудандар бойынша салаларды да қарастыру қажет. Атырау облысында 7 аудан мен 2 қала бар: Жылыой ауданы, Мақат, Индер, Қызылқоға, Исатай, Махамбет, Құрманғазы аудандары және екі қала (Атырау, Құлсары).

Мақаланың келесі бөлімінде зерттеу әдістері айтылып, сәйкес әдебиеттерге шолу жасалды. Содан кейін зерттеу нәтижелері мен талқылаулар берілген. Соңғы бөлімінде Атырау облысында өсу полюстерін қалыптастыру мен дамыудың теориялық және әдістемелік маңыздылығы келтіріліп, қорытынды жасалған.

Материалдар мен әдістер

Инновациялық даму полюстерін ғылыми зерттеуде республикалық және аймақтың макроэкономикалық орта қарастырылып, Атырау облысының республикадағы алатын орны, негізгі индикаторлар бойынша даму индекстері мен даму топтары, өңірдің инновациялық даму полюстерін бағалау қарастырылды. Осының арқасында өңірдің инновациялық даму полюсі инновациялық әлеуеті мен оған әсер ететін факторларға талдау жасалды.

Өңірдің инновациялық әлеуетін сипаттайтын инновациялық бәсекеге қабілеттілікті бағалау бірқатар көрсеткіштер кешеніне сүйенді, атап айтқанда, инновациялық сезімталдық пен инновациялық белсенділік.

Интегралды инновациялық әлеует көрсеткіштеріне жататын келесі көрсеткіштер анықталды:

- ◆ экономикалық әлеуеттің кіріктірілген индексі;
- ◆ инновациялық сезімталдықтың кіріктірілген индексі;
- ◆ инновациялық белсенділік бойынша кіріктірілген индекс;
- ◆ инновациялық белсенділік;

- ♦ инновациялық сезімталдық;
- ♦ инновациялық даму полюсін қалыптастыруда аймақ экономикасының кешенді кіріктірілген көрсеткіші.

Зерттеуде танымдық, статистикалық, есептік, талдамалық, экономика-математикалық әдістер қолданылды.

Зерттеуде модельдеу статистикалық көрсеткіштерді құрайтын деректер айнымалыларының жеткілікті үлкен көлемі болған жағдайларда қолданылады, сондықтан бұл мәселені әрі қарай зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Негізгі ережелер

Қарастырылып отырған Атырау облысының субъектілерінің инновациялық сезімталдығы мен инновациялық белсенділігі кіретін өңірдің экономикалық әлеуетін, сонымен қатар инновациялық әлеуетін талдау мен бағалау нәтижесінде Атырау облысы ЖӨӨ бойынша Қазақстанда кеңістіктік дамуда көшбасшылардың бірі болатындығы анықталды. Әсіресе мұнай өндіру және мұнай өңдеу салаларынан және жеткізу, жабдықтау, құрылыс бойынша негізінен өңір экономикасының жетекші салалары сындарлы түрде құрылуда, сонымен қатар инновациялық сезімталдық пен инновациялық белсенділік ғылыми зерттеулер мен жетістіктермен байланысты емес, өндірістегі технологиялық және өнімдік инновациялармен байланысты екенін көрсетті.

Украиндық экономистердің пікірлері бойынша, инновациялық дамуды болжамдау аймақтардың инновациялық дамуының кіріктірілген индексі негізінде жүзеге асырылады [1]. Интегралдық индексті есептеу өңірлердің инновациялық дамуының статистикалық бағалауы болатын кіріс параметрлері арасындағы ықтимал автокорреляцияны болдырмауға мүмкіндік береді. Зерттеуде авторлар бірнеше бағалау көрсеткіштерін пайдаланды, бірақ көрсеткіштердің саны мен құрамы болжау мақсаттарына байланысты өзгеруі мүмкін екендігін ескеру қажет.

Әдебиетке шолу

Осу полюстері экономикалық өсудің ең серпінді элементтері, көптеген деңгейлердегі (аймақтық, континенттік және жаһандық) экономикалық, технологиялық, идеологиялық, моральдық және рухани даму факторларымен байланысты қалыптасып, дамиды [2].

Өндірісті орналастыруды негіздеуде математикалық есептеулерді бірінші болып қолданған, оқшаулау теориясының негізін қалаушы Иоганн Генрих фон Тюнен, ол 1826 ж. жарияланған жұмысында нарықтың орналасқан жері мен қашықтығына байланысты дақылдарды өндіруге кететін шығындарды зерттеді. Ван Тюнен теориясының сабақтастығы Вильгельм Лаунхардт математикалық экономиканың негізін қалаушы, ал Альфред Вебер 1909 ж. «Филиалдарды оқшаулау теориясын» жариялады. Вебердің математика бойынша қызметіне қарамастан, басты қызығушылығы микроэкономикадан бастап, өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыруды негіздеумен айналысты.

Уақыт өте келе аумақтардың өсу полюстеріне айналу факторларын қарастыратын зерттеушілердің қызығушылығы агломерациялардың даму мүмкіндіктерін зерттеуге және елдің өзгеруіндегі агломерациялардың рөлін (ең алдымен экономикалық) бағалауға ауысты: Дж. Фридман, Дж.Х. Ричардсон және П. Ромер агломерацияның әсеріне, М. Фуджитаның жаңа экономикалық географиясының тұжырымдамасына бағытталды.

Әдебиеттерде өсу полюстер теориясы әлі де толық зерттелмеген теориялардың бірі. Көптеген ғалымдардың пікірінше, аймақтық экономикада өсу полюстер теориясы нарықтық кеңістікте түрлі шаруашылық қызмет салаларының орналасудағы біркелкі еместігін түсіндіретін тұжырымдама. Бұл тұжырымдамаға сәйкес аймақтың салалары арасында қарқынды түрде дамып келе жатқан алдыңғы қатардағы салалар ерекшеленеді. Олар ең алдымен өсу полюстері болатын қосалқы, қосымша және техникалық қызмет көрсету өндірістері арқылы іргелес аумақтардың дамуын ынталандырады және олардың белгілі бір аудандардағы шоғырлануы даму орталықтарының құрылуына әкеледі. Бұндай орталықтар тиісті кәсіпорындарды оңтайлы орналастыру және әртүрлі қаржыландыру көздерінің (мемлекеттік салымдар, жеке капитал,

субсидиялар, салықтық жеңілдіктер және т.б.) көмегімен олардың шаруашылық қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы кездейсоқ өздігінен де, мақсатты түрде де дами алады [3].

Ф. Перру қалыптастырған «Экономикалық белсенділіктің жалпы теориясы» – аймақ ғылымындағы қызығушылық туғызатын әрі күрделі құбылыс. Әдебиет көздерін талдау арқасында «даму полюстері» бастапқы «өсу полюстері» теориясының эволюциялық нәтижесін білдіретіндігін көруге болады [4]. Кейін Перру (1955) кеңістіктегі «өсу полюсі» теориясы теңгерімді аймақтық экономикалық дамуды құру үшін қалалық орталықтардың иерархиялары арқылы ұсынылды және бұл қалалық орталықтарды көптеген дамушы елдердің артта қалған аймақтарына көшіру арқылы өсу полюстерін құруға бағытталған аймақтық экономикалық жоспарлау зерттеулерінің тасқынына әкелді [5].

«Өсу полюстерінің» бастапқы теориясы зерттеушілермен әлі де шешілмеген көптеген әдістемелік мәселелермен күрделенді. Даму полюстер теориясы абстракттілі экономикалық ортада дамудың индуктивтік серпінді моделі ретінде қалыптасты және экономикалық өсудің институционалдық доктринасына айналды. Даму полюстерін анықтайтын еңбектер негізінде аймақтық көлемде даму полюстері ретіндегі қызмет атқаратын қолда бар әлеуетті жергілікті өндірістік жүйелер типологиясы берілді.

Көшбасшы салалардағы кәсіпорындар орналасатын орталықтар мен экономикалық кеңістік ареалдары өндіріс факторларын тартатын полюстер, өйткені оларды барынша тиімді қолдануды қамтамасыз етеді. Бұл кәсіпорындарды шоғырландыру мен экономикалық өсудің полюстерін қалыптастыруға әкеледі.

Х.Р. Ласуэн өсу полюстеріне қатысты келесідей тұжырымдар жасады: біріншіден, өсу полюсін тек жетекші саламен емес, аймақтың экспортымен байланысты кәсіпорындардың аймақтық кешені ретінде қарастыруды ұсынды; сонымен қатар, екіншіден, ол теорияға полюстер жүйесі және олардың әрқайсысы жалпыұлттық сұраныстан туындаған, аймақтың экспорттық секторы арқылы берілетін импульстар есебінен жеке өседі деген ұғымды енгізді; және оның осы теорияға үшінші қосқан толықтыруы өсу қарқыны кәсіпорындар арасындағы нарықтық байланыстар арқылы қосалқы салаларға беріледі деген болжам болды [6].

П. Потье еңбектерінде «даму осі» ұғымын енгізу арқылы өсу полюстерінің теориясы толықтырылды. Мұндағы негізгі идея өсу полюстері арасында орналасқан аумақтар жүк ағындарының ұлғаюы, инновациялардың таралуы және инфрақұрылымның дамуы арқасында қосымша өсу импульстарын ала отырып, өзара көлік байланысын қамтамасыз етуге мәжбүр. Сондықтан олар өсу полюстерімен бірге үлкен аймақтың немесе елдің экономикалық өсуінің кеңістіктік өнеркәсіптік шеңберін анықтайтын даму осьтері (дәліздері) деп аталды [7].

Сонымен өсу полюсі теориясы аймақты дамытудың ең ерте теорияларының бірі. Ғылыми қауымдастықта «өсу теориясы» әртүрлі түсіндіріледі, сонымен қатар аймақ экономикасында «өсу полюсі» теориясының теориялық және практикалық маңыздылығын зерттеп келеді [8].

Қазақстандық ғалымдар экономиканың инновациялық тұрғыдан дамуы мен технологиялық жағынан артта қалушылықты жеңуі ғылыми сыйымды технологиялар негізінде өндірістік кәсіпорындар бәсекеге қабілеттілігінің өсу жағдайында жүзеге асырылуы мүмкіндігін қарастырады [9–11].

Аймақтағы инновациялық даму полюстерін жетілдіруге импульс беретін ірі кәсіпорындармен, корпорациялармен, зерттеу және жобалау мекемелерімен, жоғары оқу орындарымен инновациялық интеграцияның өсу полюстерін анықтау арқылы бірыңғай кәсіпкерлік органы құруда мемлекеттің ықпал етуі маңызды стратегиялық рөл атқарады. Экономиканың нарықтық жағдайында қарқынды экономикалық өсудің басты тұтқасы ретінде өндірісте және тұтытуда жаңалық енгізу қарастырылады [12].

Аймақтардың қызметінің нәтижелілігін жоғарылатудағы инновациялық ұстанымды өсу полюстерін анықтау шетелдік экономистермен де ерекше аталып өтеді [13–15].

Нәтижелер мен тақылаулар

Атырау облысы бойынша дүниежүзілік пандемия алдындағы бес жылғы, яғни 2016–2020 жж. бойынша экономикалық және инновациялық даму индекстерін кешенді бағалау жүргізілді. Осы бағалаудың қорытынды нәтижелерінің есебін қарастыра келе өңірде мұнай-газ

өнеркәсібіне бағытталған инновациялық даму полюстерін қалыптастыру үшін барлық негіздер бар екендігі анықталды. Яғни өсу полюсі өңірдегі болашағы бар өндірістерді ескере отырып, индустриалдық полюс бола алады (1-кесте).

Кесте 1 – Атырау облысы бойынша экономикалық және инновациялық даму жағдайын кешенді бағалау

Өңірдің экономикалық әлеуетінің басты құраушылары:	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	Абсолюттік ауытқу	
						+,-	%
Орташа республикалық шама	6,25	6,25	5,88	5,88	5,88	0,36	5,76
Атырау облысы экономикалық әлеуетінің кіріктірілген индексі I, %	23,59	20,52	27,68	29,07	26,05	2,46	10,43
Атырау облысының экономикалық әлеуетін бағалау	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	-	-
Инновациялық сезімталдықтың кіріктірілген индексі	9,45	9,7	10,76	11,87	9,64	0,19	2,01
Атырау облысының инновациялық сезімталдығы бойынша бағалау	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы		
Атырау облысының инновациялық белсенділігі бойынша кіріктірілген индексі, %	6,4	4,38	4,26	4,41	6,61	0,2	3,35
Атырау облысының инновациялық белсенділігін бағалау	1, алдыңғы	2, орта	2, орта	2, орта	1, алдыңғы	-	-
Инновациялық даму полюсінің кешенді кіріктірілген көрсеткішін бағалау	13,15	11,53	14,23	15,11	14,1	0,95	7,22
Инновациялық даму полюсін қалыптастыруда аймақ экономикасының кешенді кіріктірілген көрсеткіші	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	1, алдыңғы	-	-

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Атырау облысының экономикалық әлеуетін сандық және сапалық бағалау арқасында өңірлік дамуға SWOT талдау жүргіздік. Оны төмендегі 2-кестеден көруге болады.

Атырау облысының инновациялық даму полюстерін қалыптастыруда негізгі факторлар ретінде экономикалық және инновациялық әлеуетті кешенді талдау негізінде келесідей мәселелер анықталды:

♦ «жалған урбанизация» элементтерін қалыптастырумен байланысты ауыл халқының қалаға әлсіз кіріктірілуі, яғни қала тұрғындар санының өсуі және жаңа қалалықтарды мәдени-экономикалық ортаға жұмылдырусыз аумақты кеңейту. Яғни қалада ауыл өмір салты қалыптасып, өзін-өзі жұмыспен қамтудың үлесі өскен. Осыған байланысты қазіргі жағдайда ауыл отбасыларының жұмыспен қамтылу мүмкіндігі жоғары, орташа табыстар жоғары Атырау қаласына еркін түрде көше алмайды. Қаладағы өмір сүру құнының жоғарылығы, жалға беретін тұрғын үй нарығының жоқтығы табысы төмен отбасыларға, яғни ауыл тұрғындары үшін қол жетімді емес.

Өңірді дамытудағы теңсіздік инженерлік және көлік инфрақұрылымымен бірдей қамтамасыз етілмеуге баланысты айқындалды. Атырау облысындағы жергілікті автомобиль жолдарымен қанағаттанбау жағдайының үлес салмағы 48,9%-ды құрайды.

Кесте 2 – Атырау облысының инновациялық өсу полюсін қалыптастыруда оның экономикалық әлеуетіне SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Экономикалық әлеует	
<ul style="list-style-type: none"> - Жалпы өңірлік өнім көлемі бойынша Қазақстанда басқа өңірлермен салыстырғанда жоғары орында; - Бір жұмыскердің орташа айлық номиналды еңбек ақысы басқа өңірлермен салыстырғанда жоғары; - Негізгі капиталға салынған инвестиция Атырау қаласы, Құлсары қаласы және Жылыой ауданында жоғары; - өңірде инновациялық экономиканы дамытуда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Smart City» жүйесінің енгізілуі; - Алдыңғы жылдармен салыстырғанда ҒЗТҚЖ-ға бөлінген ішкі шығындардың өсуі; 	<ul style="list-style-type: none"> - Атырау облысы халық санының аздығы, тығыздығы төмен, аумақ шағынан Қазақстан бойынша 9 орында; - ауыл шаруашылығы саласының деңгейі басқа өңірлермен салыстырғанда төмен; - сумен қамтамасыз етілу жағдайы төмен, судың ластануы; - қала экономикасының әртараптандырылуы төмен, шекаралық қарым-қатынас инфрақұрылымның нашарлығы; жолдың нашарлығы; әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның сәйкессіздігі; су, жылу, электр желілерінің, кәріз құбырларының тозуы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанда өнеркәсіп бойынша алдыңғы қатарда болу; - республикалық көлік логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыру; - өндірілген өнімді өткізу нарығын кеңейту; - Атырау облысының Каспий теңізі бойында және Ресей елімен көршілес орналасуы; - экспортталатын тауарлар шығынын мемлекет тарапынан жабу; - облыстағы қалаларды қайта құрылымдау; - шекараға жақын ел аумағының экономикалық әлеуетін ірі инфрақұрылымдық жобаларға байланысты кеңейту; - инвестициялық тартымдылықты жоғарылатуда МЖӘ тетіктерін белсенді енгізу 	<ul style="list-style-type: none"> - ауыз судың ластануынан тұрғындардың ауруы; - ауыл халқының қалаға көптеп кетуі; - «жалған» урбанизацияның дамуы, урбанизация үрдістеріндегі теңсіздіктің туындауы; - Атырау қаласынан шалғай орналасқан ауылдардың инвестициялық тартымсыздығы; - ауылдық жерлердегі жаппай жұмыссыздық; ауылдық жерлерден жастардың жаппай кетуі; - қаладағы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға күштің шамадан тыс көп түсуі; - «жалған урбанизация» нәтижесінде экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы.
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Келесі мәселе – ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің төмендігі, өңір экономикасының әртараптану деңгейінің төмендігі, тартылатын инвестиция көлемінің жеткіліксіздігі, кейбір экономика салаларының дамымауы (өңдеу өнеркәсібі, ішкі туризм), урбанизацияның жеткіліксіз деңгейі.

- ◆ Мұнай өндіретін және өңдейтін салаларда жоғары білімді мамандардың жетіспеушілігі.
- ◆ Облыстағы экологиялық мәселелер. Өңірдегі жолаушыларды тасымалдайтын қоғамдық көліктердің ескіріп, тозғандығы. Ауаның, судың ластануын өлшеу өз дәрежесінде емес.
- ◆ Атырау мен Құлсары қаласында өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды заманауи технология (Швеция тәжірибесі) бойынша жою жүйесі жолға қойылмаған. Зиянды (улы) заттар қатты тұрмыстық қалдықтар полигонынан жерасты суларына түсуде немесе алыс қашықтыққа таралуда.
- ◆ Облыста құрылыстардың жоғары тығыздық қағидасын сақтамағандықтан тұрғындар үшін нысандардың (әлеуметтік, демалыс, мемлекеттік қызмет көрсету және басқа да) «қадамдық қол жетімділігі» бойынша кешенді шаралар жасалынбаған. Қала тұрғындары осындай қызметтерді пайдалану үшін автомобильдерге отырады, ал бұл экологияны нашарлатады. Бұл

мәселені шешу 2019 жылдан бастап орталық мемлекеттік органдардың аймақтық стандарттарды бекіту туралы біріккен бұйрығын қабылдаудан басталды.

♦ Атырау облысында «қоғамдық кеңістік» дамымаған, бұл қала халқының тұрмыс жағдайын нашарлатып, елді мекендердің тартымдылығын төмендетеді. 2018 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасы (БҰҰ ДБ) мәліметтері бойынша саябақ, қоғамдық орындар мен спорт алаңдарын қоса алғанда жасыл аумақтар кез келген қалалық экожүйе үшін іргелі маңызы бар, өйткені олардың болуы өмір сапасын жоғарылатады. Барынша жасыл аудандарда өмір сүру жергілікті тұрғындардың психикалық денсаулығы мен эмоционалдық қолайлығын жақсартады, барлық себептерден өлім санын азайтады. Жасыл аумақтардың көп болуы қоршаған орта жағдайы тұрғысынан да бірқатар артықшылықтарға ие, себебі қалаларда жылу мен парник газдарының шығарылуын төмендетеді.

Моноқала Құлсары облыс орталығынан қашықта орналасқан, бұрынғы қалақұраушы кәсіпорындар мен салалардың даму жағдайымен, мемлекеттік қолдаумен байланысты бірқатар мәселелер бар. Айталық, өндірістерді тікелей немесе жанама тұрғыда субсидиялау уақытша сипатта болғандықтан қомақты экономикалық әсер бермейді.

Doing Business бүкіләлемдік банк зерттеулерінде Атырау облысы бизнесті жүргізудің жеңілдігімен алтыншы орында болды, ал шағын және орта бизнес өндірген өнім көлемі 121,03%-ға өсіп, 2 138 855 млн теңгені құраған. Зерттеу келесідей кемшіліктердің бар екендігін анықтаған:

- ♦ кадр біліктілігінің төмендігі (69%);
- ♦ жемқорлық (55%);
- ♦ өткізудің жоқтығы (54%);
- ♦ технологияның жеткіліксіздігі (51%);
- ♦ әлсіз инфрақұрылым (50%);
- ♦ қаржының жетіспеушілігі (41%);
- ♦ ақпарат жетіспеушілігі (23%).

Өңірдегі шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіретін факторлар:

- ♦ институционалдық мүмкіндіктердің төмендігі;
- ♦ адами капиталдың жетіспеушілігі;
- ♦ қаржыландыру қол жетімділігінің төмендігі;
- ♦ ақпараттың қол жетімділігі төмен;
- ♦ инфрақұрылымның нашар дамуы.

Атырау облысының инновациялық кеңістіктік даму полюсін қалыптастыруға облыстың және оның аудандарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын түзетумен байланысты түрлі бағыттарды жетілдіру ықпал етеді.

Инновациялық даму полюстерін қалыптастыру бойынша бағыттарды жетілдірудің жаңа парадигмасы Атырау облысының халқы мен шаруашылығын тиімді аумақтық ұйымдастыруға, қалыптасқан кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті азайтуға және облыстың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға ықпал етуі мүмкін.

Атырау облысында инновациялық даму полюстерін қалыптастыру мен оны дамытуда маңызды бағыттардың бірі өнеркәсіптік-инновациялық кластерді құру. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кластерлерді дамыту экономика үшін мүмкіндіктерді кеңейтіп, оң мультипликациялық, синергиялық әсер береді. Осы тұрғыдан кластерлік даму қарастырылып, Атырау облысында орта және ұзақ мерзімді болашақта өсу полюстері сияқты өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастыру тетіктері ұсынылды (3-кесте, 77 б.). Атырау облысында өсу полюстері ретінде өнеркәсіптік-инновациялық кластерлер қалыптастыру тетіктері бизнес пен экономиканың инновацияға деген бейімділігін жоғарылатуға, жергілікті факторларды дамытуға, ғылым және білімнің тиімділігін көтеруге, адами капиталды жоғарылатуға, инновация аясында өңірдегі көшбасшыларды іздестіруге мүмкіндік жасайды.

Өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастыру, ең алдымен, ұлттық және аймақтық мемлекеттік құрылымдардың белсенділігімен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік құрумен анықталады. Бастапқы кезеңде инфрақұрылымдарды дамыту мен жаңа бастаған жобаларды қаржылық қолдау өте маңызды, кейін ірі инвесторлар тарту мен шағын және орта бизнесті даму шамасына қарай біртіндеп азайта беруге болады.

Инновациялық даму полюсінде өнеркәсіптік-инновациялық кластерді табысты қалыптастырудың екінші факторы кәсіпкерлік ахуал бизнестің дамуына, фирмалардың белсенді қарым-қатынасы мен бизнестің инновациялық белсенділігінің өсуіне ықпал етуі қажет.

Келесі фактор – инновациялық және білім беру әлеуетінің өсуі, білім беру және ғылыми мекемелер жұмыстары белсенді дами бастады, бизнеспен, соның ішінде орта бизнеспен өзара байланыс орнап, біріккен жобалар саны өсті.

Атырау облысы өңірінің инновациялық даму полюсінде өнеркәсіптік-инновациялық кластерлер құру Жылыой ауданы экономикасының, соның ішінде монокала Құлсарының дамуындағы маңызды фактор. Монокала ретіндегі Құлсарыға аймақтық саясаттың табысты дамуы, кәсіпкерлік және инновациялық белсенділіктің өсуі маңызды, бірақ билік тарапынан тиісті аймақтық саясат болмаса, қала экономикасының ескірген құрылымы сақталған күйінде қалады.

Шекаралас аймақтардағы университеттер мен зерттеу орталықтарының дамуы мен қарым-қатынастарын жандандыруға ықпал ету, біріккен ғылыми, білім беру және инновациялық жобаларды іске асыруда шекаралық кедергілерді жою, бұл өз кезегінде, Атырау облысының шеткері бөліктеріндегі аумақтарда өсу үшін әлеуетті жақсартады.

Кесте 3 – Атырау облысында өсу полюстері ретінде өнеркәсіптік-инновациялық кластерлер қалыптастыру тетіктері

№	Құралдың түрі	Жүзеге асыру тетіктері
1.	Бизнес пен экономиканың инновацияға деген бейімділігін жоғарылату	Болашағы бар экономиканың жоғары технологиялық секторларының, ең алдымен, жаңа индустрияны, әсіресе цифрлық технологияны қолдана отырып, өңдеу өнеркәсібін қоса алғанда инновациялық тартымдылықты жоғарылату. Өңірлік даму бағдарламасын жүзеге асыру, заңнаманы жетілдіру (оның ішінде салық және тарифтік) бойынша шаралар кешенін іске асыру, білікті кадрлар мен қосымша қаржы құралдарын тарту бойынша көмектесу.
2.	Жергілікті факторларды дамыту	Жаңадан құрылған инновациялық компанияларды мемлекеттік даму институттарымен қолдауды кеңейту, оның ішінде жаңа технологияларды қолданатын жаңа индустрияларды дамыту үшін әзірленген мемлекеттік өңірлік бағдарламалар мен жобалар шеңберінде шағын бизнес пен нақты жобаларды қолдауды кеңейту.
3.	Ғылым және білімнің тиімділігін көтеру	Қазақстандық ғылымның әлемдік ғылыми қауымдастыққа тиімді кіріктірілуі, соның ішінде құзреттілік орталықтарын ғылыми-зерттеу институттарын қолдау жолымен, алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарын әлемдік деңгейге шығару. Бизнес-құрылымдардың көлемді инновациялық бағдарламаларын қолдау тетіктерін қолдануда пилоттық жобаларды іске асыру, атап айтқанда, кластерлік бастамаларды қолдау және технологиялық платформаларды құру, инновациялық ортада зерттеулер мен жаңалық жасау сегментін дамытуға бағытталған жоғары білім секторын қайта құрылымдау.
4.	Адами капиталды жоғарылату	Аумақтағы адами капитал көлемін өсіру мен оның сапасын жоғарылату, құрылымын жетілдіру, оны белсенділігін дамыту арқылы адами капиталды белсенді ету. Адами капиталды белсенді етуде Атырау облысының жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды экономика секторларында жаңа жұмыс орындарын ашу, ғылыми зерттеулерді ынталандыру және көшбасшы өңірде жеке лабораторияларды қолдау
5.	Инновация аясында өңірдегі көшбасшыларды іздестіру.	Инновация аясында аймақтық шоғырландыру мен мамандандыруды, инновациялық даму деңгейін ескере отырып, «өсу полюсі» болатын кластердегі әлеуетті компанияларды анықтау. Өңірлік картаны жасау үшін инновация аясында кластерлік аумақ қалыптастыру үшін келесі индикаторларды қолдану: - Кругман индексі (Krugman Specialization Index, KSI), аймақтардағы салалық мамандандыруды бағалаудағы абсолютті көрсеткіш; - Герфиндаль-Гиршман индексі (Herfindal-Hirshman Index, HHI), ол аймақтағы мамандандырудың салыстырмалы шамасын білдіреді және өңірдегі агломерациялық тиімділіктің әсерін көрсетеді.
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.		

Сонымен, Атырау облысында экономикалық кеңістік пен аумақтық ерекшеліктер (табиғи-географиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және т.б.) салдарынан бұл өңірге бірыңғай ұстанымды қолдану мүмкін емес.

Өнеркәсіптік-инновациялық кластерді құру және оны дамытудың арқасында Атырау облысының экономикасын әртараптандыруды жеделдетуде шешуші фактор ретінде, шикізаттық емес бағыттағы, ғылымды қажет ететін, жоғары технологиялық өндіріс жұмысын жандандыратын өңірдің инновациялық даму полюсі бола алады (4-кесте).

Кесте 4 – Атырау облысы бойынша өсу полюстері

Қала, аудан	Өсу полюстері
Атырау қ.	Мұнай-газ өндіру өнеркәсібі, өңдеу өнеркәсібі, бөлшек сауда, құрылыс саласы, балық өнеркәсібі, металл бұйымдарын өндіру, негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру, ет пен сүн өнімдерін өндіру мен өңдеу, консервілеу, инновациялық даму
Құлсары қ.	Мұнай-газ өндіру өнеркәсібі, өнеркәсіптік өнім өндірісі
Құрманғазы ауд.	Ауыл шаруашылығы, соның ішінде балық шаруашылығы да бар, инновациялық даму
Махамбет ауд.	туризм, ауыл шаруашылығы
Жылыой ауд.	Мұнай-газ өнеркәсібі, инновациялық даму
Индер ауд.	Ауыл шаруашылығы, құрылыс
Исатай ауд.	мұнай өнеркәсібі
Қызылқоға ауд.	Ауыл шаруашылығы ішінде мал шаруашылығы
Мақат ауд.	Мұнай-газ өндіру, салалар бойынша өнеркәсіптік өнім өндіру
Ескертпе: [77] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.	

4-кестеде ұсынылғандай, Атырау облысының аудандары бойынша өсу полюстері анықталып, экономикалық өсу алдыңғы жылдармен салыстырғанда келесідей өңдеу өнеркәсіп салаларында байқалды: мұнай-газ өндіру, салалар бойынша өнеркәсіптік өнім өндіру, ауыл шаруашылығы, құрылыс, балық өнеркәсібі, металл бұйымдарын өндіру, негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру, ет пен сүн өнімдерін өндіру мен өңдеу, консервілеу, нақты көрсеткіштермен айтсақ: Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында мұнай-газ өндіру өнеркәсібі бойынша инновациялық даму – 89,29%, ал Атырау қаласы бойынша 8,64%, басқа аудандармен салыстырғанда әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары. Ауыл шаруашылығы саласындағы шаруа немесе фермерлік шаруашылықтардың алатын үлесі Құрманғазы ауданы – 25,31%, Махамбет ауданы бойынша – 19,55%, Атырау қаласында – 13,3%, Жылыой ауданында – 11,68%, Индер ауданында – 10,81%, Исатай ауданында – 9,3%, Қызылқоға ауданында – 8,98%-ды құрады. Балық шаруашылығында балық және басқа теңіз өнімдерін аулаумен Атырау қаласындағы (60,87%) және Құрманғазы ауданындағы (37,22%) кооперативтер мен шаруашылықтар айналысады.

Сондай-ақ Атырау өңірінің өнеркәсіптік-инновациялық кластеріне кіретін мұнай-газ инновациялық кластері газ ресурсын қолдануда өндірісті дамытуды жоспарлауда, бұл өңірге арзан газды тұтынуға мүмкіндік береді.

Сонымен Атырау облысында инновациялық кеңістіктік даму полюстерін қалыптастыруда және оның экономикасының бәсекеге қабілеттілігін күшейтуде келесідей бағыттарды дамытып, инвестиция құю керек:

- ◆ Адами капитал;
- ◆ Геодемографиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу;
- ◆ Атырау облысы үшін тиімді болатын Ресей аймақтарымен шекаралас салаларда ынтымақтастық орнатуда инфрақұрылымды дамыту;
- ◆ өсу полюстері мен орталықтарын дамыту;
- ◆ шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыру;

- ◆ инновациялық жобалар мен технологиялар;
- ◆ экономиканы шикізаттық бағыттан өңдеу мен сервиске трансформациялау;
- ◆ шетелдік капиталдың қатысуымен арнайы экономикалық аймақтарды тиімді дамыту;
- ◆ агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту;
- ◆ өндіріске алдыңғы қатарлы технологияларды енгізу.

Қорытынды

Атырау облысының инновациялық даму полюстерін қарастыра келе, өңірдегі экономиканың шикізаттық бағыттылығының күшеюі, олардың дамуында біржақты орын алған деген қорытынды жасауға болады. Бүгінде Атырау облысында бір салалық құрылымды өнеркәсіп дамыған. Нақты айтқанда, Атырау облысында мұнай өңдеу үлесі 6,8%-ға өсуімен қатар мұнай мен ілеспе газ өндірудің үлес салмағы 57,59%-ға дейін өскен.

Өңір экономикасының бір бейіндік құрылымы халықтың еңбек ұсынымы аясын ұлғайтуға, Атырау қаласы мен Құлсары қаласында өнеркәсіптегі жұмыспен қамтылған адамдардың табыстарының өсуінің шоғырлануы және осымен бірге шаруашылық жүргізудің басқа салаларында кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейінің өсуіне әкелді.

Ақшалай табыстар деңгейі бойынша халықтың бөлінуі тек өңірлер арасында ғана емес, өңірлер ішінде де орын алған. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі ең жоғары жалақы деңгейімен ауыл шаруашылығындағы ең төмен жалақы деңгейі арасындағы айырмашылық Атырау облысында 20 есе болған.

Атырау облысы үшін, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кеңістіктік инновациялық өсу полюстерін таңдауда бірыңғай ұстанымды емес, дифференциалданған ұстанымды қолдану, яғни көшбасшы өңірдің ұтымды нұсқаларының жекелеген элементтерін (ғылыми-технологиялық эзирлемелер, іргелі және қолданбалы зерттеулер негізінде ғылыми сыйымды салаларды қалыптастыру) өңірлердің көпшілігінде және олардың экономика секторларындағы шынайылық нұсқалардың элементтерін іске асырумен қоса пайдалану ұсынылады.

Атырау облысының инновациялық даму полюстерін осы аталған жолмен ұйымдастыру болашақта ғылыми сыйымды өндірістерді таргеттеудің жаңа кезеңіне өтуге, инвестициялар құюда экономиканың барынша тиімді бағыттарында қолайлы жағдайлар жасауға, жаңашыл технологиялар мен ғылыми-зерттеу эзирлемелерін коммерцияландыруға ықпал етеді.

Атырау облысын Қазақстан өңірлері ішіндегі екінші типтегі аймаққа жатқызуға болады, өйткені Атырау облысы шикізаттық бағытта дамыған өңір, инновациялық әлеуеті жоғары, экономикалық даму жағдайы жоғары инновациялық бейімді көшбасшы аймақ және ғылыми-зерттеу, тәжірибе конструкторлық жұмыстар дамуы бойынша инновациялық белсенділігі орташа аймақ.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Зерттеу Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен университетішілік гранттық қаржыландыру шеңберінде жүргізілді.

Алғыс айту. Осы тұрғыдан жобаны қаржыландырған Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне зерттеуді жүргізуде жобаға қатысушы әріптестерге алғыс білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Boiarynova K., Popelo O., Tulchynska S., Gritsenko S., Prikhno I. Conceptual Foundation of Evaluation and Forecasting of Innovative Development of Regions // Periodica Polytechnica Social and Management Sciences. 2022. No. 2(30). P. 167–74. URL: <https://doi.org/10.3311/PPso.18530>.

2 Dobrescu E.M., Dobre E.M. Theories Regarding the Role of the Growth Poles in the Economic Integration // Procedia Economics and Finance. 2014. No. 8. P. 262–267.

3 Пермьякова Е.С. Полюса роста. Зарубежный опыт и адаптация его для успешной реализации индустриально-инновационного развития экономики региона // Вестник КАСУ. – 2011. – № 3. – С. 31–34.

4 Perroux F. Note sur la notion de pole de croissance // Economia applique. 1955. Vol. 7. P. 307–320.

- 5 Friedmann J., Alonso W. *Regional Policy: Readings in Theory and Applications*. Cambridge, MA: MIT Press. 1975.
- 6 Pottier P. *Axes de communications et development economique // Revue economique*. 1963. Vol. 14. P. 58–132.
- 7 Lausuen J.R. *Urbanisation and Development: The Temporal Interaction between Geographical and Sectoral Clusters // Urban Studies*. 1973. No. 10. P. 163–188.
- 8 Леонтьев А.И., Новикова Н.В. Региональная проекция теории полюса роста: зарубежный и российский опыт // *Теоретическая и прикладная экономика*. – 2020. – № 4. – С. 106–117. URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=34019
- 9 Киреева А.А., Нурланова Н.К. Организационно-экономические механизмы реализации технологической модернизации регионов Казахстана // *Проблемы развития территории*. – 2018. – № 4(96). – С. 168–180.
- 10 Сатыбалдин А.А., Нурланова Н.К. Қазақстан экономикасын кеңістікте дамыту саясаты: жаңа қағидаттар, негізгі басымдықтар және іске асыру тетіктері. – Алматы, 2017. – 484 б.
- 11 Бримбетова Н.Ж. «Очаги роста» наукоемких производств и перспективы региональной политики // *Инновационные исследования как локомотив развития современной науки: от теоретических парадигм и практике / Матер. междунар. науч.-практ. конф.* – М., 2019. – С. 79–83.
- 12 Shaban A., Kourtit K., Nijkamp P. *Causality Between Urbanization and Economic Growth: Evidence From the Indian States // Front. Sustain. Cities* 4:901346.
- 13 Strange W.C. *Viewpoint: Agglomeration research in the age of disaggregation // Canadian Journal of Economics / Revue canadienne d' economique*. 2009. Vol. 42. Issue 1. P. 1–27.
- 14 Kowalski A.M. *Towards an Asian Model of Clusters and Cluster Policy: The Super Cluster Strategy // Journal of Competitiveness*. 2020. Vol. 12. Issue 4. P. 74–90.
- 15 Jankowiak A.H. *Place of Clusters and Cluster Policy in the Economic Policy in Germany and Poland // Journal of Eastern Europe Research in Business and Economics*. 2021.

REFERENCE

- 1 Boiarynova K., Popelo O., Tulchynska S., Gritsenko S., Prikhno I. (2022) *Conceptual Foundation of Evaluation and Forecasting of Innovative Development of Regions // Periodica Polytechnica Social and Mangement Sciences*. No. 2(30). P. 167–74. URL: <https://doi.org/10.3311/PPso.18530>. (In English).
- 2 Dobrescu E.M., Dobre E.M. (2014) *Theories Regarding the Role of the Growth Poles in the Economic Integration // Procedia Economics and Finance*. No. 8. P. 262–267. (In English).
- 3 Permjakova E.S. (2011) *Poljusa rosta. Zarubezhnyj opyt i adaptacija ego dlja uspehnoj realizacii industrial'no-innovacionnogo razvitija jekonomiki regiona // Vestnik KASU*. No. 3. P. 31–34. (In Russian).
- 4 Perroux F. (1955) *Note sur la notion de pole de croissance // Economia applique*. Vol. 7. P. 307–320. (In English).
- 5 Friedmann J., Alonso W. (1975) *Regional Policy: Readings in Theory and Applications*. Cambridge, MA: MIT Press. (In English).
- 6 Pottier P. (1963) *Axes de communications et development economique // Revue economique*. Vol. 14. P. 58–132. (In English).
- 7 Lausuen J.R. (1973) *Urbanisation and Development: The Temporal Interaction between Geographical and Sectoral Clusters // Urban Studies*. No. 10. P. 163–188. (In English).
- 8 Leont'ev A.I., Novikova N.V. (2020) *Regional'naja proekcija teorii poljusa rosta: zarubezhnyj i rossijskij opyt // Teoreticheskaja i prikladnaja jekonomika*. No. 4. P. 106–117. URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=34019. (In Russian).
- 9 Kireeva A.A., Nurlanova N.K. (2018) *Organizacionno-jekonomicheskie mehanizmy realizacii tehnologicheskoy modernizacii regionov Kazahstana // Problemy razvitija territorii*. No. 4(96). P. 168–180. (In Russian).
- 10 Satybaldin A.A., Nurlanova N.K. (2017) *Қазақстан жеконмикасын кеңістікте дамыту саясаты: жаңа қағидаттар, негізгі басымдықтар және іске асыру тетіктері*. Алматы, 484 p. (In Russian).
- 11 Brimbetova N.Zh. (2019) «Ochagi rosta» naukoemkih proizvodstv i perspektivy regional'noj politiki // *Innovacionnye issledovanija kak lokomotiv razvitija sovremennoj nauki: ot teoreticheskikh paradigm i praktike / Mater. mezhhdunar. nauch.-prakt. konf.* M. P. 79–83. (In Russian).
- 12 Shaban A., Kourtit K., Nijkamp P. *Causality Between Urbanization and Economic Growth: Evidence From the Indian States // Front. Sustain. Cities* 4:901346.

13 Strange W.C. (2009) Viewpoint: Agglomeration research in the age of disaggregation // Canadian Journal of Economics / Revue canadienne d'économie. Vol. 42. Issue 1. P. 1–27. (In English).

14 Kowalski A.M. (2020) Towards an Asian Model of Clusters and Cluster Policy: The Super Cluster Strategy // Journal of Competitiveness. Vol. 12. Issue 4. P. 74–90. (In English).

15 Jankowiak A.H. (2021) Place of Clusters and Cluster Policy in the Economic Policy in Germany and Poland // Journal of Eastern Europe Research in Business and Economics.

Р.К. САБИРОВА,*¹

к.э.н., профессор.

*e-mail: sabirovarysty@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9947-6564

Г.К. АНДАБАЕВА,²

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: agulmira_76@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0412-5145

Р.У. МУГАУИНА,¹

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: raihan-1974@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4049-8144

Ж.Н. ЕРНИЯЗОВА,³

к.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: zhan_san@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2198-3985

¹Атырауский университет им. Х. Досмухамедова,

г. Атырау, Казахстан

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

³Кызылординский университет им. Коркыт Ата,

г. Кызылорда, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ИННОВАЦИОННОГО ПОЛЮСА РАЗВИТИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Такие понятия, как полюса роста и центры роста, раньше интерпретировались как совокупность концентрации населения, природных ресурсов, производств и сфер услуг, с одной стороны, и географически как города и центры развития, с другой. А теперь они также называются свободными экономическими зонами и технополюсами. Несмотря на то что крупнейшие компании нефтегазовой отрасли мирового уровня расположены в Атырауской области, обрабатывающая промышленность еще не развита. Возникает необходимость определения полюсов роста и формирования организационно-экономических форм их развития, увеличения доли инновационного производства и деятельности в нефтегазохимической отрасли в Атырауской области, занимающейся таким уникальным ресурсом, как углеводородное сырье. Формирование кластеров в регионах будет способствовать привлечению инвестиций в приоритетные направления экономического развития, активизации инновационной деятельности, повышению экспортного потенциала, внесению структурных изменений в регионе. Актуальным вопросом является эффективность создания кластерных структур по Атырауской области. Казахстан может стать реальным субъектом по инновационному кластерному развитию в будущем, предлагая продукцию как на внутреннем, так и на внешнем рынках в сырьевом направлении. Рассмотрены предпосылки создания инновационных кластеров по изучению экономического потенциала в Атырауской области. Статья посвящена выявлению теоретических и методических аспектов формирования полюсов роста в развитии экономики региона. Основной целью данного исследования является обоснование формирования полюсов инновационного роста в Атырауской области. Авторы провели количественный и качественный анализ и оценку экономического и инновационного потенциала Атырауской области.

Ключевые слова: полюс инновационного развития, экономика региона, промышленно-инновационные кластеры, природные ресурсы, сырьевое направление, экономический потенциал, инвестиции.

R.K. SABIROVA,*¹

c.e.s., professor.

* e-mail: sabirovarysty@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9947-6564

G.K. ANDABAYEVA,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: agulmira_76@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0412-5145

R.U. MUGAUINA,¹

PhD, senior lecturer.

e-mail: raihan-1974@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4049-8144

ZH.N. YERNIYAZOVA,³

c.e.s., senior lecturer.

e-mail: zhan_san@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2198-3985

¹Kh. Dosmukhamedov Atyrau University,
Atyrau, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

³Korkyt Ata Kyzylorda University,
Kyzylorda, Kazakhstan

FORMATION OF THE INNOVATIVE POLE OF ATYRAU REGION DEVELOPMENT

Abstract

Concepts such as growth poles and growth centres used to be interpreted as aggregate concentrations of population, natural resources, industries and services, and geographically as cities and development centres, but are now also referred to as free economic zones and technopoles. Despite the fact that the largest companies in the oilgas industry are located in Atyrau region, the manufacturing industry is not developed. There is a need to identify the growth poles and the formation of organisational and economic forms of their development in increasing the share of innovative production and activities in the oilgas chemical industry in the Atyrau region economy, occupying such unique resources as hydrocarbon raw materials. The formation of clusters in the regions will contribute to attracting investments in priority areas, activation of innovation activity, increasing export potential, making structural changes in the region. A relevant issue is the effectiveness of creating cluster structures in Atyrau region. Kazakhstan can become a real subject on innovative cluster development, offering products both on domestic and foreign markets in the raw materials direction. The prerequisites for the creation of innovation clusters on the study of economic and innovation potential in Atyrau region are considered. This article is devoted to the identification of theoretical and methodological aspects of the formation of growth poles in the development of the region's economy. The main purpose of this study is to substantiate the formation of innovation growth poles in Atyrau region. The authors conducted quantitative and qualitative analysis, assessment of economic, as well as Atyrau region innovation potential, determined the innovation activity of Atyrau region economic entities.

Key words: innovative development pole, regional economy, industrial-innovative clusters, natural resources, raw material direction, economic potential, investments.